

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2021)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/RPSN2986>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИДЕОЛОГИЯ И ВОСПИТАНИЕ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ
В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/SZFM4786>**Р. К. Төлеубекова, Г. О. Мугауина***Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ КӘСІБИ
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘДЕНИЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Адамзат баласының әлеуметтік-мәдени тәжірибесін байыту негізінде мамандардың мәдениетін жетілдіруге көмектесу білім беру-тәрбие қызметінің басты мақсаты болып табылады. Мақалада тұлғаның кәсіби мәдениетін қалыптастыруда педагогикалық мәдениетін игеруі және оны дамытудағы маңыздылығы қарастырылады. Бүгінде жоғары кәсіптік білім беру мекемелері болашақ мамандардың кәсіби мәдениетін іске асыруға тырысады, себебі қоғам үшін қажетті тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан болашақ маманды даярлауда басты жетекші ролін, оның кәсіби мәдениетін қалыптастыру деп білеміз. Кәсіби мәдениет феноменін отандық және шетелдік ғалымдар қарастырыла бастағаннан кейін жеке тұлғаның қасиеттері көптеген педагогикалық процестер мен құбылыстарға ие болуын және де педагогикалық мәдениеттің құрылымдық компоненттері, олардың талдануы сипатталады. Сонымен қатар педагогикалық мәдениеттің педагог тұлғаға әлеуметтік, физикалық, коммуникативтілік, интеллектуалдық, аксиологиялық, нормативтік, гуманистік аспектілеріне тәуелділігі талданады. Біздің зерттеу контекстінде болашақ маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруда педагог-ғалымдар В. И. Андреевтің, кәсіби мәдениеттің қасиеттерін мен А. В. Барабанищиковтың зерттеу жұмыстарындағы педагогикалық мәдениетті дамытудағы талдаулары көрсетілді. Сондай-ақ, маманның іс-әрекетіндегі кәсіби мәдениет пен педагогикалық

мәдениет өзара бір-біріне байланыста болып, қоғаммен бірге өзгеріп отыратыны туралы баяндалады.

Ендеше бүгінгі педагогтің кәсіби мәдениетін қалыптастыруда оның жоғары деңгейде өрбіген педагогикалық мәдениетті меңгеруі міндетті деген қорытынды жасалды.

Кілтті сөздер: педагог, мәдениет феномені, кәсіби мәдениет, педагогикалық мәдениет, психологиялық мәдениет.

Кіріспе

Бүгінгі таңда еліміздің барлық салаларында, соның ішінде білім беру жүйесін жүзеге асыру мәселесі әлемнің жаһандық өзгерту үдерісіне байланысты шарықтауда. Білім беру жүйесі әлемдік халықаралық стандарттарына сәйкес келетін кәсіби білім беру сапасының жоғары деңгейіне жетуге жаңа әлеуметтік талаптар қойылуда.

Оның мақсаты – білім алушыларды тәрбиелеуде гуманистік міндеттер мен функциялардың белгілі бір жиынтығын орындау, оның жеке басын қалыптастыру және дамыту, жалпы мәдениетті, руханилықты, моральдық – этикалық принциптері мен сенімдерді дарыту.

Бұл дегеніміз, бүгінгі таңда қоғамымызда кәсіби білім беруден заманауи өзгермелі әлемнің аса күрделі жағдайларында маманның бәсекеге қабілетті және білікті маман даярлауқажеттігін талап етуі. Сонымен қатар, білікті мамандар мен бітіруші түлектердің бәсекеге қабілеттілігін жүзеге асыруда ерекше маңыздылығын еліміздің бірінші Президенті Н. Ә. Назарбаев бес институционалдық реформасында «100 нақты қадам» [1] Ұлт жоспарында, ал, мемлекеттік білім беру саласында: Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» [2], Қазақстан Республикасының үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасында [3] атап көрсетеді. Осы тұжырымдамалардан педагог мамандарғақойылатын талаптарды шартты түрде үш бағытта қарастырады: жалпыадамзаттық талаптар, педагог мамандығының ерекшелігін анықтайтын талаптар, пәні бойынша білім, білік, іскерлігі мен дағдылары.

Материалдар мен әдістер

Білім беру жүйесін жаңа үрдістерге көшу жағдайына байланысты білім беретін мекемелердің жұмысын ұйымдастыру және оқу-әдістемелік, құзыреттілік әдіс-тәсілдері негізінде білім беру мазмұнын, мемлекеттік білім беру стандарттарына сай білім алу жолдарын үйрету, оның нәтижелерін модельдейтін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру және дербестік білім алуы мақсатында құзыретті де, білікті мамандықалыптастыру.

Қазақтың көрнекі ғалымы Ы. Алтынсарин пайымдағандай: «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» десе, Рим елінің ақыны Сенека: «Педагог – жаңа ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған барлық бағалы дүниелерді беріп, жалған сенімдерді, кінәраттар мен кеселдерді бермеуге тиіс адам» деп баяндайды. Олай болса, педагог мамандығының мәдениетінен бұрын осы «педагог» пен «мамандық» ұғымдарына тоқталсақ.

«Педагог» ұғымы белгілі бір мамандықтың иесі, қызмет түрі әрі тұлғаның бағыты. Мамандық арнайы біліктілік құжаттарда бекітіледі және пәндік қызметі арқылы анықталады. Ол ғылыми пәндерге (педагог, физик, психолог, математик, филолог, тарихшы, географ және т.б.) сәйкес көрсетілген білім арсеналы. Педагогикалық қызметтің мақсаты мен міндеті адам тұлғасын дамыту. Ал кез келген оқу пәні осы мақсат пен міндетке жету үшін құрал болып табылатынын білеміз.

Біздің көзқарасымызша, педагог – бұл тәрбиеленушілердің айнасы. Ол рухани-адамгершілігі қалыптасқан, мәдениеті жоғары, басқаға үлгі бола алушы, бәсекеге қабілетті, үнемі үздіксіз білім алушы деп есептейміз.

Еліміздің белгілі мәдениеттанушы, философ-ғалымы Садуахас Темірбеков, адамның мәдениетіне ең алдымен, адамгершілік құндылықтарын жатқызады. Ғалымның пікірінше, ар-намыс, парасаттылық, адамгершілік, сенімділік, мейірімділік, кішіпейілділік, кешірімділік пен тәуелсіздікке, еркіндікке, өзін-өзі бағалау сияқты құндылықтар жинағы – халықтың рухани мәдениетінің негізі, іргетасы деп қарастырса, педагог-ғалым Ж. А. Жүсіпованың пайымдауынша, мәдениет – адамның іс-әрекеті, саналы қызметінің көрінісі деп сипаттайды.

Ал, түрік педагог-ғалымы М. Калканның зерттеуінде: «педагог – бұл білім алушыға жоғары деңгейде педагогикалық білім алуына және мәдениет құндылықтарын үйрететін тұлға. Тәрбиеленушілердің іс-әрекетін, мінез-құлықтарын қалыптастыру негізінен педагогтің біліктілігіне байланысты. Өз ұстанымымен, мәдениеттілігімен, жүріс-тұрысымен жақсы үлгі болаалатын педагог білім алушының қажетті мінез-құлықтары мен қарым-қатынасын жоғары деңгейде қалыптастыруының маңызды факторы» [4], – деп тұжырымдайды.

Біз қарастырып отырған отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінің көзқарастары бойынша, олардың барлығы да ортақ қасиеттерге ие: мәдениет – адам өмірінен ажырамайтын, ұрпақтан ұрпаққа берілетін феномен, ал, педагог – білім алушының мінез-құлқын, қарым-қатынас стилін негіздейтін, өз қызметінің өнімі мен жетістігінің жемісі деп дәріптейді. Олай болса, мәдениет қоғаммен бірге өзгеріп отыратын, әлеуметтік құбылыс деген қорытынды жасауымызға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Мәдениет, кәсіби мәдениет және педагогикалық мәдениет – бұл жалпы және бірдей деңгейдегі жүйелер дей келе отырып, зерттеуіміздің келесі қадамы кәсіби мәдениет феномені болып табылады.

Кәсіби мәдениет ұғымы. Сондай-ақ, «кәсіби мәдениет» термині маманның мәдениеті оның қызметіндегі ерекше сапасына қатыстылығы және мәдениет пәндік мазмұны ашылып, арнайы кәсібилігі мен кәсіби қызметі, кәсіби қоғамдастығы айқындалады. Маманның кәсіби мәдениетін ашпас бұрын, оның кәсібилігін қарастырайық.

Педагогика саласында алғашқы маманның кәсібилігін қалыптастыру жолын негіздеген Е. И. Рогов. Ол маманның кәсібилігін төмендегідей жіктейді:

– қызметті жүзеге асыру жүйесінің және оның функциялары мен иерархиялық құрылымындағы өзгерістер нәтижесінде іс-әрекеттің жеке мағынасын қалыптастыруы;

– субъект тұлғасын өзгерту негізінде кәсіби дүниетанымды қалыптастыру;

– субъектіні қызмет объектісіне қатысты когнитивтік, эмоционалдық және практикалық компоненттерінің өзгеруіне байланысты, өзара әрекеттесу процесінде объектіге әсер ету салдары нәтижесінде кәсіби мәдениеттің қалыптасуы [5, 107 б.].

Осы жерде ресейдің көрнекі ғалымы Н. В. Крылова «кәсіби мәдениет- бұл мәдениеттің ең жақсы нормаларын анықтау және оны талдау ғана емес, мәдениеттің жаңа үлгілерін пайдалануға ұмтылу» қажетті екеніндігінанықтайды. Оның пайымдауынша, кәсіби мәдениет дегеніміз – өзіндік мәдениеттің білім берудегі мәдениеттің бірізділігі, ол қоғаммен бірге үнемі өзгеріп, дамып отыруын айтады [6, 205 б.].

Жалпы әлеуметтік жүйеде кәсіби мәдениетті зерттеу бағыттарының бірі - функционалды-мазмұнды талдау екенін айтсақ, оның басты компоненті педагогикалық қызмет болып табылады. Олай болса, педагогтің қалыптасқан кәсіби мәдениеті дегеніміз – оның жоғары кәсіби-педагогикалық қызметі, рухани-адамгершілік қасиеттері, этика және эстетикалық мәдениеті, педагогикалық шеберліктің негіздері және жоғары кәсібилігінің даму деңгейі және т.б.

Мұнда тұлғаның шығармашылық даму процесінде кәсіби мәдениетті меңгеруінде ең алдымен өзіндік кәсіби-педагогикалық қызметі жоғары деңгейде жетілуі екенін көруімізге болады. Сонымен бірге, жалпы қазіргі педагогтің кәсіби мәдениеті белгілі бір жүйедегі координатты, тұтас жүйелік педагогикалық технологияларды және заманауи әдістерді меңгеруі.

Болашақ маманның кәсіби мәдениетін дамытуының маңызды тәсілдері: өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұйымдастыруы және тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыруы. Бұлар бір-біріне өте тығыз байланысты феномендер және оны кәсіби қызметінде өзін-өзі анықтауда, адамгершілігінде, руханилығында көре алады.

В. А. Семиченконың еңбегінде, кәсіби мәдениетті қалыптастыру мәні – болашақ маманға таңдаған кәсібіннің мәнін, оны орындаушы ретінде кәсіби қызметінің мазмұны мен функцияларын, талаптарын, мақсаттарын, кәсіби міндеттерді орындаудың жеке стратегияларын, кәсіби шеберлік спецификасы мен оны меңгеру жолдарын, кәсіби қызметінің құрылымы мен мазмұнына шығармашылық бейімделу тәсілдерін ұғыну дейді [7, 124 б.].

Ғалымның бұл пікірі, болашақ педагогтің кәсіби мәдениеті – бұл маманның кәсіби қызметтің әртүрлі кәсіби құндылықтарды игеруге, жеке тұлғасын түрлі шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруының тәсілдерін білдіреді. Осылайша, кәсіби-педагогикалық қызметін әртүрлі жалпыланған сипаттамасын, маманның мүдделерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын, тұлғалық қабілеттерін дамытуды көздейді.

Сонымен қатар, маманның кәсіби мәдениетінің негізгі маңызды сапалы қасиеттерін жүйелеу үшін, тұлғаның кәсіби идеалдық моделін құруы үшін, кәсіби қызметі мен еңбек мәдениеті үшін, ең алдымен оның теориялық және практикалық білімдері жоғары деңгейде болуында. Болашақ маманның кәсіби мәдениетінің жеке сапалы қасиеттерін жүйелі түрде деңгейін сипаттайтын басты феномендері: білім, білік, дағды, теориялық мен практикалық екенін жоғарыда айтқан боламыз. Ендеше, осы кәсіби мәдениет феномендері туралы ғалымдардың зерттеулерін іздестіре отырып, мәдени сөздік анықтамасында кәсіби мәдениеттің негізгі кәсіби қызметі мен қасиеттері – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына тәуелділігі, белгілі бір білімдегі адалдығы, кәсібилігінің нақты дағдылары және оны практикада пайдалануы деп айрықша сипаттайды.

Мамандардың кәсіби мәдениеті қасиеттерінің жүйесін зерттеген белгілі педагог В. И. Андреев болатын. Ол өз зерттеуінде маманның нақты жеке сапалық қасиеттерін 9 бағытта анықтайды. Оларды атап айтатын болсақ:

- тұлғаның шығармашылық белсенділігі мен қызметінің бағыттылығы;
- интеллектуалдық-логикалық бағыты;
- интеллектуалдық-эвристикалық қабілеті;
- әлемдік-ізденушілік қасиеті;
- моральдық қасиеті;
- эстетикалық қасиеті;
- коммуникативтілік-шығармашылық қабілеті;

- өзін-өзі басқару қабілеті;
- жеке дара ерекшелігі (оқу-шығармашылық іс-әрекеті) [8, 6 б.].

В. И. Андреевтің зерттеуінен көріп отырғанымыздай, ол болашақ маманның кәсіби қызметінде сапалық қасиеттерін жоғары деңгейде ұйымдастырып, оны ұтымды пайдалануына және жетіскен жемісінің өнімін сипаттай отырып, тұлғаның кәсіби қасиеттері мен қабілеттілік жүйелерін (шығармашылық, ойлау ой-өрістері, әлемге деген көзқарасы, этика-эстетикалық, интеллектуалдық, өзін-өзі басқару, қарым-қатынас және т.б.) психологиялық-педагогикалық қасиеттерге жатқызады.

Ендеше, осы ғалым-педагогтардың зерттеулерінсаралай келе, біздің ойымызша, маманның кәсіби мәдениетінің жеке қасиеттеріндегі ерекшеліктерін меңгеріп, өз қызметінде тиімді пайлануы қажет дей келе, өзіміздің көзқарасымыз бойынша болашақ педагогтің кәсіби мәдениеті компоненттерін былай жіктедік: педагогикалық мәдениеті, психологиялық мәдениеті, денсаулық мәдениеті, коммуникативтік мәдениеті, бәсекеге қабілеттілігі, ақпараттық мәдениеті, кәсіби қызығушылығы, кәсіби сауаттылығы, интеллектуалдылығы, кәсіби құзыреттілігі, ұйымдастырушылық қабілеттілігі, болжаушы, бағдарлаушы, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі жүзеге асыруы және педагогикалық білімі.

Біз жіктеген кәсіби мәдениеттің бұл компоненттері өзара тығыз байланысты екенін ескеруіміз қажет. Сондай-ақ, маманның кәсіби мәдениетінің жоғары деңгейлерінің бірі – кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті, яғни дамыған кәсіби ойлауы және санасы болып табылады.


Болашақ педагогтің кәсіби мәдениетін қалыптастыруын, маманның өз кәсіби қызметінде практикалық тәжірибесінде дамыта отырып, кәсіби сана-сезімдері жоғары деңгейде өркендеуі. Маманның басты мақсаты-кәсіби құзыреттілікке қол жеткізіп, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруі деп есептейміз. Осылайша, ғылыми категория ретінде маманның кәсіби мәдениетін қалыптастыруда оның жалпы компоненттерін қарастырып, біз келесі педагогикалық мәдениет» ұғымын зерттеуге көшеміз.

Педагогикалық мәдениет ұғымы. Педагогикалық іс-әрекет барысында құндылықтар жаңартылып, педагогтің мәдениет үлгілері жетіледі, оның сапалық және сандық сипаттамалары өзгереді. Маманның педагогикалық іс-әрекетінде технологияларды пайдалануда жаңа әдіс-тәсілдер жүйесін меңгеруде педагогикалық мәдениеттің орны маңызды болады.

Педагогтің тұлғалық қасиеттерінің жалпыланған сипаттамасында «педагогикалық мәдениет» термині жиі қолданылады. Бұл терминнің тарихына тереңірек тоқталатын болсақ, онда біз «педагогикалық мәдениет» ұғымын белгілі педагог В. А. Сухомлинскийдің «Жүрегімді балаларға

беремін» атты арнайы педагогикалық кітабынан көруімізге болады. Ол бұл еңбегінде педагог маманның балаларға деген сүйіспеншілік, мейірімділік, бауырмалдылық маңызды қасиетін сипаттай отыра, педагогтік сезім тәрбиесінің негізі жоғары деңгейдегі педагогикалық мәдениетінде екенін айқындайды. Сондай-ақ, ғалымның еңбегінде педагог пен білім алушының арасындағы қарым-қатынас жасауындағы педагогикалық мәдениетінің бір басқа элементі ретінде маманның эмоционалдық мәдениеті маңызды екендігін айқындайды.

Алайда, біз В. А. Сухомлинскийдің еңбегіндегі педагогикалық мәдениетті алғашқы ұғым ретінде кездестірсек, бұл терминді жалпы жоғары оқу орнында маманның педагогикалық мәдениеті мәселесін алғаш рет 1980 жылы А. В. Барабанщиков енгіздірген болатын. Ол педагогтің педагогикалық мәдениетін жетілдіруде алдымен оның адами тұрғыда педагогикалық тәжірибені игеруі, педагогикалық қызметте белгілі бір жетілу дәрежесі және тұлға ретінде даму деңгейі деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуші А. В. Барабанщиков педагогтің педагогикалық мәдениетінің ең ерекше қасиеттерін былай топтастырып, жіктейді:



Сурет 1 – А. В. Барабанщиковтің зерттеуі бойынша педагогтің педагогикалық мәдениетінің қасиеттерін жіктеуі

Бірақ аталған педагогтің педагогикалық мәдениеті қасиеттерінің жүйелері бір-бірімен байланысын көрсетпейді, тек кәсіби-тұлғалық

мінездемелерін анықтайды. Сондықтан бұл жүйелер әмбебап болып танылмайды.

Жылдар өте келе, философия, педагогика, әлеуметтану, психология ғылымдарының көптеген педагог-ғалымдары XX ғасырдың аяғы XXI ғасырдың басынан бастап, яғни нақтырақ айтсақ 90 жылдардан бастап «педагогикалық мәдениет» феноменін кенінен зерттей бастаған. Жалпы педагогикалық мәдениеттің теориялық негізгі аспектілерін (В. А. Сластенин, А. В. Барабанщиков, С. С. Муцынова, Т. Ф. Белоусова, және т.б.), соның ішінде жеке аспектілерге тоқталсақ: философиялық, мәдениеттанушылық, әлеуметтік, физикалық (Аристотель, В. С. Библер, Г. Г. Гегель, М. С. Каган, т.б.), этнопедагогикалық (Т. С. Буторина, В. А. Николаев, Г. Н. Волков, Қ. Б. Сейталиев, Ж. Б. Қоянбаев, Ш. И. Джанзакова және т.б.), әдіснамалық (Е. В. Бондаревская, Г. И. Гайсина, А. Н. Ходусов, т.б.), педагогикалық шеберлік пен педагогикалық құзыреттілік (В. А. Сластенин, Т. И. Хозяинов, Ю. П. Ж. А. Жусупова, т.б.), кәсіби-педагогикалық (В. А. Сластенин, Е. В. Бережкова, А. В. Блаженно, З. Ф. Абросимова, Н. Е. Воробьева, және т.б.), психологиялық (И. Ф. Исаев, С. Коэн, Д. Бэлл, т.б.), әлеуметтік педагогикалық (Л. В. Мардахаев), адамгершілік және эстетикалық (В. И. Андреев, Н. Б. Крылова, Ш. А. Амонашвили, Е. Н. Богданов), педагогикалық іс-әрекетте (Н. В. Кузьмина, Л. В. Мардахаев, А. А. Реан, Ж. А. Жусупова) тұрғысынан зерттелініп, бірнеше бағытта қарастырылғанын көрсетеді.

Бұл ғалымдардың зерттеу жұмыстарында «педагогикалық мәдениет» педагогикалық іс-әрекет жүйесінде көрінетін маманның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде түсініледі.

Ал, біз осы ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, педагогтің педагогикалық мәдениеті деп – маман тұлғасы іс-әрекетінің жеңісті де жемісті көрінісі дей келе, оның маңызды компоненттерін былайша: педагогикалық шеберлігін, қарым-қатынас мәдениетін, сөйлеу мәдениетін, ораторлық өнерін, жұмысқа деген қабілеті мен күйзеліске төзімділігін, құндылық бағдарлары мен бағыттылығы, сыртқы келбеті, этикасы мен эстетикалық мәдениеті, білім алушының алдында өзін-өзі ұстауы, өзін-дамытуы, өзін-өзі жетілдіруі, толассыз білім алуы және оны үздіксіз біліктілігін арттыруы, ұшқыр ойлау қабілеті, үнемі жаңа ақпараттық технологиялар әдістерін қолдана алуы, білім алушыларға деген сүйіспеншілігі мен мейірімділігін және т.б. сипаттаймыз. Сондай-ақ, педагогикалық мәдениеттің жағдайы мен дамуына көптеген факторлар әсер етеді, атап айтқанда – ел экономикасы, қоғам, ақпараттық мәдениет, адамгершілік мәдениет, діни (рухани) мәдениет, отбасы мәдениеті, ұлттық мәдениет деп айтуымызға болады.

Қорытынды

Маманның педагогикалық мәдениеті – педагогикалық теория мен тәжірибені, қазіргі педагогикалық технологияларды, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғаның жеке мүмкіндіктерін, шығармашылық өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеру деңгейі ретінде қарастырылса, ал кәсіби мәдениет - кәсіби қызмет саласындағы педагог тұлғасының мөндік сипаттамасы ретінде аксиологиялық, технологиялық, эвристикалық және жеке компоненттерді қамтитын жүйелі білім беруін негіздейді. Қорыта келе, педагогикалық мәдениет тәрбиеленушілердің жеке-типтік ерекшеліктерін, олардың мүдделері мен қабілеттерін, педагогикалық білімдері мен тәрбиелерін, кәсіби белсенділікте болатын педагогтің кәсібилігін сипаттайтын жалпы кәсіби мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі деп тұжырымға келеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Ұлт жоспары-бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам Қазақстан Республикасының Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. [Электронды ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31977084#pos=4;-284

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 жылы [Электронды ресурс]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747

3 Концепция развития непрерывного профессионального педагогического образования в Республике Казахстан //Учитель Казахстана. – 2004, март – 30. – № 10–12. – С. 3. [Электронды ресурс]. – <http://old.unesco.kz/rcie/data/konceptsiya.htm>

4 **Kalkan, M.** İnsancıl ve Yasaklayıcı Öğrenci Kontrol Eğitimi. Milli Eğitim Dergisi. – Ankara, 1997.

5 **Рогов, Е. И.** Личность в педагогической деятельности / Е. И. Рогов. – Ростов-на-Дону : Феникс, 1994. – 240 с.

6 **Синенко, В. Я.** Профессионализм учителя / В. Я. Синенко // Педагогика. – 1999. – № 5. – С. 45–51.

7 **Семиченко, В. А.** Пути повышения изучения психологии / В. А. Семиченко.– К. : Магистр-S, 1997. – 124 с.

8 Энциклопедія освіти//Акад. пед. наук; гол. ред. В. Г. Кремень. – К. : Юрінком Інтер, 2008. –1040 с.

References

1 Ult jospary-bes institýsionaldyq reformany júzege asyrý jónindegi 100 naqyt qadam Qazaqstan Respublikasynyń Prezidentiniń 2015 jylǵy 20 mamyrdaǵy baǵdarlamasy. [National Plan-100 concrete steps to implement Five institutional reforms program of the President of the Republic of Kazakhstan dated may 20, 2015]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31977084#pos=4;-284

2 Qazaqstan Respublikasynyń “Bilim týraly” Zańy. 27.07.2007 jyly. [Law of the Republic of Kazakhstan “on education”. 27.07.2007 year]. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747

3 Qazaqstan Respublikasynda úzdiksiz kásibi pedagogikalyq bilim berýdi damytý tujyrymdamasy. [Concept of development of continuing professional pedagogical education in the Republic of Kazakhstan] - The Teacher Of Kazakhstan.-2004, March – 30. – № 10–12. – P. 3. – <http://old.unesco.kz/rcie/data/koncepciya.htm>

4 **Qalqan, M.** Gýmanisik jáne tyým salatyn stýdenttik baqylaý. Ulttyq Bilim Jýrnaly. [Humanistic and forbidden student control. National Journal Of Education] – Ankara, 1997.

5 **Rogov, E. I.** Pedagogikalyq qyzmettegi tulǵa. [Rogov E. I. Personality in pedagogical activity] / E. I. Rogov. – Rostov-on-don : Phoenix, 1994. – P. 240.

6 **Snenko V. Ya.** Muǵalimniń kásibiligi. [The Professionalism of teachers] / V. Ya Sinenko // Pedagogy. – 1999. – № 5. – C. 45–51.

7 **Semichenko, V. A.** Psihologiany zertteydi arttyry joldary. [Semchenko V. A. Ways to improve the study of psychology] / V. A. Semichenko. – K. : Master-S, 1997. – P. 124.

8 Ensiklopedia / Akad. med. ǵylym; gol.red. V. G. shaqpaq tas.K.: Yurinkomynter. [Encyclopedia of Education/ / Akad.PED.Nauk;Gol.ed.by V. G. Kremen. – K. : Yurinkominter] ow: Yurinkominter publ., 2008. – P. 1040.

Материал 15.03.21 баспаға түсті.

*Р. К. Толеубекова, Г.О. Мугауина**

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 15.03.21.

**ОСОБЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ
КУЛЬТУРЫ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СПЕЦИАЛИСТА**

Основной целью образовательной деятельности является содействие в совершенствовании культуры специалистов на основе обогащения социокультурного опыта человечества. В статье рассматривается овладение педагогической культурой в формировании профессиональной культуры личности и ее значение в развитии. Сегодня учреждения высшего профессионального образования стремятся реализовать профессиональную культуру будущих специалистов, так как формирование необходимой для общества личности. Поэтому главной ведущей ролью в подготовке будущего специалиста мы считаем формирование его профессиональной культуры. После рассмотрения феномена профессиональной культуры отечественными и зарубежными учеными было отмечено, что свойства личности обладают многими педагогическими процессами и явлениями, а также описываются структурные компоненты педагогической культуры, их анализ. Также анализируется зависимость педагогической культуры от социальных, физических, коммуникативных, интеллектуальных, аксиологических, нормативных, гуманистических аспектов личности педагога. В контексте нашего исследования были отражены анализы ученых-педагогов В. И. Андреева, качеств профессиональной культуры и А. В. Барабаничкова в развитии педагогической культуры в исследовательских работах по формированию профессиональной культуры будущего специалиста. Также рассказывается о том, как профессиональная культура и педагогическая культура в деятельности специалиста взаимодействуют друг с другом и меняются вместе с обществом.

Таким образом, формирование профессиональной культуры современного учителя является обязательным для овладения его передовой педагогической культурой.

Ключевые слова: педагог, феномен культуры, профессиональная культура, педагогическая культура, психологическая культура.

*R. K. Toleubekova, G. U. Mugaïina**

*L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.*

Material received on 15.03.21.

ESPECIALLY PEDAGOGICAL CULTURE IN THE FORMATION OF THE PROFESSIONAL CULTURE AND PEDAGOGICAL CULTURE OF THE FUTURE SPECIALIST

The main goal of educational activities is to help improve the culture of specialists on the basis of enriching the socio-cultural experience of mankind. The article deals with the mastering of pedagogical culture in the formation of professional culture of the individual and its significance in the development. Today, institutions of higher professional education strive to implement the professional culture of future specialists, as the formation of the necessary personality for society. Therefore, we consider the main leading role in the training of future specialists to be the formation of their professional culture. After considering the phenomenon of professional culture by domestic and foreign scientists, it was noted that the properties of personality have many pedagogical processes and phenomena, and also describes the structural components of pedagogical culture, their analysis. The author also analyzes the dependence of pedagogical culture on the social, physical, communicative, intellectual, axiological, normative, and humanistic aspects of the teacher's personality. In the context of our research, the analysis of scientists-teachers V. I. Andreev, the qualities of professional culture and A.V. Barabanshchikov in the development of pedagogical culture in research works on the formation of the professional culture of the future specialist was reflected. It also describes how professional culture and pedagogical culture in the activities of a specialist interact with each other and change together with society.

Thus, the formation of a professional culture of a modern teacher is mandatory for mastering its advanced pedagogical culture.

Keywords: teacher, cultural phenomenon, professional culture, pedagogical culture, psychological culture.

Теруге 15.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

2,30 Мб RAM

Шартты баспа табағы 15,8.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3748

Сдано в набор 15.03.2021 г. Подписано в печать 29.03.2021 г.

Электронное издание

2,30 Мб RAM

Усл.п.л. 15,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3748

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz